| | |
|---|---|
| *А4 Пішін*<br>*Формат А4* | *Нысанның БКСЖ бойынша коды*<br>*Код формы по ОКУД*<br>_______________<br>*КҮЖЖ бойынша ұйым коды*<br>*Код организации по ОКПО*<br>_______________ |

| | | |
|---|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі*<br>*Министерство здравоохранения Республики Казахстан* | | *Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017 /е нысанды медициналық құжаттама* |
| *Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы*<br>*Наименование государственного органа санитарно-эпидемиологической службы*<br>*«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Алматы облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қарасай аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі*<br>*Республиканское государственное учреждение « Карасайское районное Управление контроля качества и безопасности товаров и услуг Департамента контроля качества и безопасности товаров и услуг Алматинской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан»* | | *Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415* |

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды**
**Санитарно-эпидемиологическое заключение**
№ B.08.X.KZ57VWF00012130
Дата: 09.09.2019 ж. (г.)

1.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
***«Бал Су Бөбек» ЖШС-нің балабақшасы 50 орынға***
(пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности,работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) ***Заявление от 29.08.2019 19:33:24 № KZ21RYS00027541***
өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата,номер)

2.Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) ***Товарищество с ограниченной ответственностью Бал-Су Бобек,"Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үмтыл ауылдық округі, Алмалыбақ ауылы, Райымбек батыр, 16а***
Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, толы
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)
***білім беру саласы***
сала, кәйраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4.Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) ***талап етілмейді***

5.Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) ***өтініш, зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеу хаттамаларының көшірмелері***

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) ***талап етілмейді***

7.Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертноезаключение других организации если имеются) ***талап етілмейді***
Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8.Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

50 орынға арналған балабақша Алматы облысы, Қарасай ауданы, Ұмтыл ауылдық округі, Алмалыбақ
ауылы, Райымбек батыр, 16 «А» мекен жайы бойынша жалға алынған тұрғын ғимаратта орналасқан.
Объектінің аумағы қоршаумен қоршалған, бүтіндігі сақталған. Аумағында сыртқы жасанды
жарықтандыру қарастырылған, функционалдық жағынан олармен байланысы жоқ объектілерді
орналастырмаған. Объектінің учаскесіне кіру жолдары, кіре-беріс және жаяу жолдары, қоқыс
жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар тазалауға
қолжетімді қатты жабынмен жабылған. Қоқыстарды жинау үшін арнай алаңда тығыз жабылатын
қақпақпен жабдықталған бір қоқыс жинағыш орнатылған. Қоқыстарды шығару 2019 жылдың 01
қыркүйекте «Жаде» ЖШС-мен жасалған № 23 келісім шарт негізінде ұйымдастырылған.
Балабақша аумағында балаларға арналған ойын топтық алаң орналасқан. Қозғалыс ойындарына арналған
аймақтың беті шөптен, жолдарына қатты төсем төселген. Ойын алаңында жан-жағы қоршалған, едені
тақтайланған көлеңке түсіретін қалқа орнатылған. Сонымен қатар, серуендеу алаңында балалар үшін
конструкциясының (жинаудың, орнатудың) қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жылдың ыстық
уақытында құрастырмалы қалқалар пайдаланылады.
Балабақша бір және екі қабатты іргелес шығыңқы қабаты бар ғимараттардан тұрады. Балабақшаның екі
қабатты ғимаратының бірінші қабатында 4,0 ш.м. кіреберіс бөлме, 7,0-10,0 ш.м. киім аустыратын, 29,4-
61,9 ш.м. ойын-жатын бөлмелері, 7,6 ш.м. санитариялық торап, екінші қабатында 15,6-13,9-20,2-13,0-28,9
ш.м. ойын-жатын бөлмелері, 7,0 ш.м. санитариялық торап орналасқан. Жатын және ойын бөлмелерінде
1 балаға 3,0 ш.м. орын қарастырылған.
Барлық жайлардың төбелері, қабырғалары жуу және дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге жарайтын
материалдармен әрленген, едендеріне ламинат төселген, санитариялық тораптардың қабырғалары,
едендері кафелденген. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық
зақымданбаған.
Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған, балалардың күйікке
шалдығуын және жарақат алуын болдырмау үшін жылыту құралдары алмалы-салмалы ағаш торлармен
қоршалған, терезелерде қоршау құрылғылары қарастырылған.
Балабақшаның жатын бөлмелері 3 - 6 (7) жастағы балалар үшін - ұзындығы 140 см., ені 60 см., биіктігі 30
см. стационарлық екі қабатты кереуеттермен жабдықталған. Балабақшаның жатын бөлмелері жұмсақ
және қатты мүкәммалмен жабдықталған. Барлық төсек-орын жабдықтары (матрастар, жастықтар, көрпе)
мен төсек-орын таңбаланған. Объектілердің жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне
сәйкес келеді. Объектіде ойын, оқу кабинеттері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен
жабдықталған. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс жағдайында. Топтардағы киім шешетін
бөлмелер сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне
арналған шкафтары жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен, сыртқы киімге арналған
ілмектермен жабдықталған.
Балабақшада су жылытқыштар арқылы ыстық және суық су санитариялық тораптардағы
Балабақшада су жылытқыштар арқылы ыстық және суық су санитариялық тораптардағы
қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық
жабдықтарға тартылған. Санитариялық тораптарда қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар
жуынатын раковиналар, қоқыс жинауға арналған урналар орнатылған.
Балалар үшін жаңадан сатып алынған өнімдердің (ойыншықтар, ыдыс, жеке гигиена құралдары,
төсек-орын жабдықтары, жиһаз және тағы басқа) сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттар
тексеріске ұсынылды. Ойыншықтарды жуу үшін арнайы ыдыстармен, щеткалармен қамтамасыз етілген.
Су жүйесі ауылдық торапқа қосылған, белгіленген талаптарға сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз
сумен қамтамасыз етілген. Микробиологиялық, санитариялық-химиялық зерттеуге ауыз су үлгілері ҚР
ДСМ ҚДСК «ҰСО» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының Қарасай аудандық бөлімшесінде
зерттелген. Зертханалық зерттеу нәтижелерінің қорытындысы бойынша, ауыз су үлгілері санитариялық
қағидалардың талаптарына сәйкес. Балабақша су жылытқыштар арқылы ыстық ағынды сумен
қамтамасыз етілген, су жылытқыштар жұмыс жағдайында. Ауыз су режимі ұйымдастырылған, шүмегі бар
ыдыстарда қайнаған су қойылған, бір рет қолданылатын стакандармен жабдықталған. Кәріз жүйесі
жергілікті бетондалған шұңқыр, ағынды судан тазалау жеке тұлғалармен жүргізіледі. Жылыту жүйесі
жергілікті көгілдір отынмен. Санитариялық-аулалық қондырғы объектінің ауласында қарастырылған,
тазаланған, дезинфекцияланған. Жарықтандыру жүйесі табиғи және жасанды. Объектіде люминесценттік
шамдарды пайдаланбайды, тек қыздыру шамдары арқылы, шамшырақтар қорғаныш құрылғыларымен
жабдықталған. Желдету жүйесі табиғи және жасанды. Топтар есік терезе ашу арқылы желдетіледі.
Санитариялық тораптарда сорып шығаратын желдету жүйелері қарастырылған. Тексеріс жүргізу
барысында ыстық және суық сумен қамтамасыз ету, желдету, жылыту, суды бұру, жасанды
жарықтандыру жүйелерінде ақаулар анықталған жоқ.
Топтық үй-жайларында, киім шешетін орындарда, медициналық пункт үй-жайларында ауа
температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 1,2 м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған.
Жайлардағы жарықтандыру мен метеорологиялық факторлар деңгейлерінің санитариялық

өлшемдер жүргізілген. Жарыққа және метеорологиялық факторларға жүргізілген өлшемдердің нәтижелері санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес.
Жуғыш және залалсыздандырғыш заттар қорымен (иіс, кір сабындар, жуғыш ұнтақтар, залаласыздандырғыш заттар) қамтамасыз етілген. Жинау мүкаммалдары (шелек, шүберек, шөтке, шылаужындар) әрбір жайға бекітілген.
Дератизация, дезинсекция іс-шараларын жүргізу «ҚР ДСМ КДСК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының Қарасай аудандық бөлімшесімен 2019 жылы 05 шілдедегі № 248 ақылықызмет бойынша келісім-шарт негізінде ұйымдастырылған. Дератизация, дезинсекция іс-шараларының жүргізілгендігі туралы дезинфекциялық сектор құжаты тексеріске ұсынылды.
Асблогы балабақша ғимаратының іргелес шығыңқы қабатында орналасқан, ауданы 26,0 ш.м. асханадан, 6,0 ш.м. азық-түлік қоймасынан тұрады. Осы ғимараттың бірінші қабатында ауданы 26,0 ш.м. тамақтанатын зал қарастырылған. Тамақты дайындау үшін тарату орны, шикі өнімдерді, дайын өнімдерді өңдеуге арналған, асүй ыдыстарын жууға арналған аймақтарға бөлінген. Технологиялық құрал жабдықтармен, тоңазытқыштармен жабдықталған, шәйлық, асханалық, ас үй ыдыстарын және шикі өнімерді жуатын жуғыш ванналар орнатылған.
Азық-түліктерді сақтауға арналған қойма үй-жайы тоңазытқыштармен, стеллаждармен, температуралық-ылғалдылық режимді бақылау-өлшеу аспабымен жарақталған. Желдету жүйесі табиғи. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қойма үй-жайлары тамақ өнімдерінің әрбір түріне қойылатын сақтау жағдайлары (температуралық-ылғалдылық, жарық режимдері, тауар көршілестігі) және жинау нормалары сақтала отырып күтіп-ұсталады.
Асблогының қабырғалары жуу және заласыздандыру жұмыстарын жүргізуге жарайтын материалдармен қапталған, кафелденген.
Асхананың су жүйесі орталықтандырылған, су жылытқыштар арқылы ыстық ағынды сумен қамтамасыз етілген. Кәріз жүйесі жергілікті бетондалған шұңқыр. Жылыту жүйесі жергілікті көгілдір отынмен. Жарықтандыру жүйесі жасанды және табиғи, қыздыру шамдары қолданылады. Шамшырақтар қорғаныш арматурамен жабдықталған, плиталардың, технологиялық жабдықтың және бөлшектеу үстелдерінің үстіне орналастырылған. Желдету жүйесі табиғи және жасанды. Механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі қарастырылған. Ас блогы үй-жайларына желдету үшін ашылған терезелерге, фрамугаларға шыбындардың және масалардың ұшып кірмеуін болдырмау үшін шыбын-шіркейге қарсы торлар орнатылған. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтардың үстінде сорып-шығаратын шатыр орнатылған.
Асблогы ыдыс жууға арналған жуғыш ванналармен, шикі және дайын өнімге арналған бөлшектеу үстелдерімен, ванналармен, пышақтармен, тақтайлармен, ас үй ыдыстарымен қамтамасыз етілген. Шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтау, оларды технологиялық өңдеу және тарату үшін таңбаланған жабдық, бөлшектеу мүкәммалдары, асүй ыдыстарымен қамтамасыз етілген.
Ас блогы қызметкерлері арнайы киім жиынымен және қажетті жеке гигиена қағидаларын сақтау жағдайларымен қамтамасыз етілген.
Объектілерде персоналдың жеке гигиена қағидаларын сақтауына жағдай жасалған. Персоналға арналған санитариялық торабы араластырғыш арқылы ыстық және салқын су келтірілген жуынатын қолжуғышпен, бір рет қолданылатын гигиеналық сүлгілермен, сұйық сабын мөлшерлегішімен, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғышпен қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі орта және жоғары жастағы (4 жастан 6 (7) жасқа дейінгі) балалар үшін қолжуғыштар еденнен 0,5м. биіктікте орнатылған..
Дәретханаларда балаларға арналған унитаздар, қол жууға арналған құралдары бар жуынатын раковиналар, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін немесе аспалы ілгіштер, шаруашылық шкафтары орнатылған.
Медициналық пункт екі қабатты ғимаратқа жапсар жай салынған ғимаратта орналасқан, 3,2 ш.м. дәлізден, 6,0 ш.м. қабылдау, 6,0 ш.м. оқшаулау бөлмелерінен. Медициналық кабинет жиһаздармен, құрал жабдықтармен жабдықталған, атап айтқанда жазу үстелімен, орындықтармен, кушеткамен, кеңсе шкафымен, медициналық шкафпен, кермемен, әйнек қақпағы бар медициналық үстелмен, тоңазытқышпен, тонометрмен, фонендоскоппен, бактерицидті шаммен, медициналық таразымен, бой өлшегішпен, үстелге қоятын шаммен, медициналық термометрлермен, қайшымен, жуатын раковинамен, педальды қақпағы бар шелекпен, медициналық халаттармен, қалпақтармен, бір рет қолданылатын жаймалармен, бір рет қолданылатын орамалдармен, жинауға арналған қоңыр түсті халаттармен, бір рет қолданылатын бетперделермен, жинау мүкаммалдарымен, кеңсе тауарларымен, кішкентай бикспен, үлкен бикспен, резеңке бұраумен, 2,0-5,0-10,0 инелері бар бір рет қолданылатын шприцтермен, пинцеттермен, резеңке жылытқымен, мұзға арналған ыдыспен, бүйрек тәрізді науамен, металл қалақшамен, кілемшемен, сантиметрлік лентамен, көздің көргіштігін анықтауға арналған кестемен, дозаторы бар сұйық сабынмен қамтамасыз етілген. Кабинеттің қабырғалары, едені жуу және заласыздандыру жұмыстарын жүргізуге жарайтын материалдармен қапталған.
Кір жуу орны бөлек тұрған бір қабатты ғимаратта орналасқан, ауданы 15 ш.м., қабырға, едендері жуу

**орамалдармен, жеке гигиена заттарымен қамтамасыз етілген. Инфекциялық науқастардың төсек жабдықтарын дезинфекциялау үшін арнайы, таңбаланған кір жуу сыйымдылығы қарастырылған. Өндірістік бақылау іс-шараларын жүргізу ҚР ДСМ КДСК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы облысы бойынша филиалының Қарасай аудандық бөлімшесімен 2019 жылы 05 шілдеде № 247 ақылы қызмет бойынша келісім-шарт негізінде ұйымдастырылған, өндірістік бақылау бағдарламасы бекітілген.**

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты)
(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)
***- 2019ж. 02 шілде № 130 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы; - 2019ж. 02 шілде № 78 жарықты өлшеу хаттамасы; - 2019ж. 05 шілде № 884-885 су үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы; - 2019ж. 05 ақпан № 347-348 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамалары.***

## Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
## Санитарно-эпидемиологическое заключение

***«Бал Су Бөбек» ЖШС-нің балабақшасы 50 орынға***
(нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарақ) пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
***ҚР ДСМ 2017 жылғы 17-ші тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», ҚР ҰЭМ 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», ҚР ДСМ 2018 жылғы 28 тамыздағы № ҚР ДСМ-8 бұйрығымен бекітілген «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 28 ақпандағы № 169 бұйрығымен бекітілген Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтеріне***

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)
***сай (соответствует)***
(нужное подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті түрде күші бар На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

**«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Алматы облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қарасай аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі**

**Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)**
**Республиканское государственное учреждение «Карасайское районное Управление контроля качества и безопасности товаров и услуг Департамента контроля качества и безопасности товаров и услуг Алматинской области Комитета контроля качества и безопасности товаров и услуг Министерства здравоохранения Республики Казахстан»**

**(Главный государственный санитарный врач (заместитель))**
***Сатыбекова Айгуль Мадьяровна***
**тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)**